**2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысы

РҚАО-ның ескертуі. P031327 қаулысын қараңыз

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 251, 252, 253, 254, 255, 256, 257, 258, 259, 260, 261, 262, 263, 264, 265, 266, 267, 268, 269, 270, 271, 272, 273-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
251-қосымша

231 - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Энергетика және минералдық ресурстар саласында уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету"**
**деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 531306 мың теңге (бес жүз отыз бір миллион үш жүз алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 5-бабы , "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 11-бабы , "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы Заңы , "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 маусымдағы Заңының 3-бабы , "2004 жылға

арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңының 1-бабы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 Заң күші бар Жарлығының 41-2 , 55-61 және 69-баптары , "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 106 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі туралы ереженің 8-тармағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 15 маусымдағы N 535-42 қаулысы, "Мемлекеттік органдарға көліктік қызмет көрсету үшін қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдалануды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 108 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын беру ережелерінің 8-тармағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 қыркүйектегі N 1449 қаулысымен бекітілген Цифрлық геоақпараттық жүйелердің негізінде Қазақстан Республикасы табиғи объектілерінің мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесін құру мен жүргізу ережесінің 1-тармағы, "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы N 133 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 ақпандағы N 232 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті туралы ережесінің 11-бабының 7) және 9) тармақшалары, "Қазақстан Республикасының салық төлеушілерінің мемлекеттік тізбесін қалыптастыру мен жүргізудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 мамырдағы N 579 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 4.2.4-тармағы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:

1) оларға жүктелген функцияларды барынша тиімді орындауға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің орталық аппаратының, ведомстволарының және олардың аумақтық бөлімшелерінің қызметін қамтамасыз ету;

2) лицензиялық шарттар мен ережелердің сақталуына бақылау жасау;

3) пайдалы қазбаларды, оның ішінде мемлекет меншігінде тұрған техногендік түзілімдерді барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған құқықты қоса

алғанда, Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын беру;

4) Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы компьютерлік банк ақпаратының ілеспесі;

5) жер қойнауын пайдалану саласына Қазақстан Республикасының Жер қойнауын пайдалану мониторингісінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі шеңберінде (бұдан әрі - ЖПМБМЖ) Қазақстан Республикасының салық төлеушілерінің мемлекеттік тізбесін ( бұдан әрі - РНжОН) енгізу;

6) РнжОН лицензиары мен ақпараттық жүйесінің функциялары шеңберінде энергетика және минералдық ресурстар саласында қызмет түрлерін лицензиялау мен мониторингтің ақпараттық жүйесі мәліметтерімен ақпараттық алмасуды ұйымдастыру;

7) ақпаратты қорғау мен құпиялық режимнің тиісті деңгейін қамтамасыз ету;

8) өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау мен кәсіптік шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіптік қызмет саласында білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, шеберлік пен дағдыны жаңарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің, ведомстволарының және олардың аумақтық бөлімшелерінің аппаратын ұстау;

2) энергетика және минералдық ресурстар саласында қызмет түрлері бойынша біліктілік талаптарын растауға лицензиялар беру және тексерулер өткізу; Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің құзыретіне жатқызылған қызмет түрлерін лицензиялау;

3) инвестициялық бағдарламалар жүргізуді, конкурс өткізуді, конкурстық ұсыныстарды қарауды, конкурс нәтижелерін шығаруды және конкурс жеңімпазын анықтауды ұйымдастыру;

4) қолданбалы компьютерлік бағдарламаларды алып жүру, компьютерлік дерекқорды цифрлық геологиялық ақпаратпен молықтыру;

5) РНжОН енгізу шеңберінде ЖПМБМЖ және РНжОН арасында ақпарат алмасу мен өзара іс-қимылды ұйымдастыру;

6) РНжОН жұмыс істеуі үшін энергетика және минералдық ресурстар саласында қызмет түрлерін лицензиялаудың ақпараттық мониторингтік жүйесін алып жүру және пысықтау;

7) арнайы қауіпсіздік талаптарына сәйкес өңдеу, беру, қабылдау, сақтау және құпия және қызметтік ақпаратты бейнелеудің электрондық құралдарын сертификаттауды жүргізу. Байланыс құралдары мен электронды ұйымдастыру техникасын қолдану кезінде өңдеу бойынша құпия ақпараттың жылыстауының алдын алу жөніндегі техникалық шараларды әзірлеу және енгізу;

8) мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік біліктілігін көтеру;

9) мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | | Энергетика және минералдық ресурстар саласында уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | 1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурс. тар министрлігінің орталық аппаратын, Атом энергетикасы жөніндегі комите. тін, Геология және жер қойнауын қорғау комитетін 328 бірліктегі штат санының бекітілген лимиті шектерінде ұстау. Бекітілген лимитке орай 10 бірлік санында қызметтік жеңіл автокөлікті | жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Энергетика және минерал. дық ресурстар министрлігі |

ұстау, жалдау. Есептеу техникалық құралдарын және басқа да негізгі құралдарға техника. лық қызмет көрсету: компьютерлер - 245 бірлік, серверлер - 5 бірлік, принтер. лер - 178 бірлік, ксерокстар - 17 бірлік.

2. Лицензиарлардың функцияларын орындау:

1) лицензияланатын қызмет түрлерімен айналысуға үміткер субъектілерді инспекциялауды жүргізу;

2) лицензиаттардың лицензиялық шарттар мен ережелерді орындауына тексеру. лер (инспекциялар) жүргізу.

3. Инвестициялық бағдарламалар конкурсын өткізу:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 3 қаулы. сымен бекітілген келісім-шарттық аумақтардың (кен орындарының) тізбесіне сәйкес бұқаралық ақпарат

құралдары арқылы инвестициялық бағдарламалар конкурсын хабарлау;
2) геологиялық ақпаратты сатып алу және конкурстық ұсыныстарды беру туралы конкурсқа қатысушыларды хабардар ету;
3) конкурстарды өткізу жөніндегі комиссия жұмысын ұйымдастыру, конкурс нәтижелерін шығару және оларды жариялау.
4. Жер қойнауы және жер қойнауын пайда. лану туралы ақпа. раттық жүйені ілестіріп жүру және пысықтау:
1) жер қойнауы және жер қойнауын пайда. лану туралы ақпа. раттың компьютерлік банкінің қолданбалы бағдарламаларын ілестіріп жүру: пайдалы қазбалар кен орындарының балансы, кадастры және лицензиялау, жер қойнауы және жер қойнауын пайда. лану мониторингі, геологиялық-геофизи.

калық зерделеу;
2) Қазақстан Респуб. ликасы аумағының аэрогеофизикалық, гравиметрикалық, сейсмикалық зерде. ленуі жөнінде жергілікті деректер базасын толықтыру, Қазақстан Республи. касының геологиялық қорында сақталатын геологиялық есеп. терді компьютерлік мұрағаттау, сейсми. калық зерттеулерді цифрлау;
3) жинақтаушы және запас бөлшектермен, шығыс материалда. рымен қамтамасыз ету, телекоммуни. кациялық қызметтер көрсетуді алу.
5. РНжОН қалыптас. тыру үшін жер қойнауын пайдалану саласында лицензия. лық және келісім-шарттық шарттардың орындалу мониторин. гінің ақпараттық-коммуникациялық жүйесін ілестіріп жүру және телеком. муникациялық қызметтерді төлеу (Интернет арнасы желісіне қол жеткі.

зуді құруға).
6. РНжОН қалыптастыру үшін энергетика және минералдық ресурстар саласында қызмет түрлерін лицензиялаудың ақпараттық мониторингтік жүйесін ілестіріп жүру және пысықтау.
7. Құпиялық режимін қамтамасыз ету:
1) ҚР ҰҚК "Казспецпредприятие" РМК электрондық қондырғыларын, ұйымдастыру техникасын және байланыс құралдарын сертификаттау;
2) қызметтік және құпия ақпараттың жылыстауының алдын алу бойынша техникалық құралдарды орнату және техникалық іс-шараларды әзірлеу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Аумақтық органдар. жылды 272 бірліктегі штат санының бекітілген лимиті шегінде ұстау; Бекітілген лимитке орай 5 бірлік санында қызметтік жеңіл автокөлікті ұстау, жалдау. | бойы | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Есептеу техникалық құралдарын және басқа да негізгі құралдарға техни. калық қызмет көрсету: компьютер. лер - 142 бірлік, серверлер - 7 бір. лік, принтерлер - 73 бірлік, ксерокс. тар - 13 бірлік. 2. Жер қойнауын қорғау және жер қойнауын пайдалану аумақтық басқарма. ларының балансында тұрған ғимараттар. дың жөндеуі - 7 ғимарат. | | |
| 4 | 007 | Мемлекеттік қызметші. лердің біліктілі. гін арттыру | Бекітілген білік. тілікті көтеру жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін көтеру бойынша қызметтер көрсету. ді сатып алу, оның ішінде мемле. кеттік тілді оқыту (біліктілікті көтеру курсынан өткен мемлекеттік қызметшілердің орташа жылдық саны - 40). | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Энергетика және минерал. дық ресурстар министрлігі |
| 5 | 009 | Мемлекеттік органдары материал. | Қазіргі компьютер. лік техника мен бағдарламалық | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Энергетика |

| | | |
|---|---|---|
| дық-техника. лық жарақ. тандыру | өнімдерді сатып алу: дербес компью. терлер - 40 бірлік, принтерлер - 22 бірлік, сканерлер - 5 бірлік, факси. мильдік аппаратта. ры - 9 бірлік; цифрлы фотоаппарат - 1 бірлік, бағдар. ламалық өнім - 14 топтама. | және минерал. дық ресурстар министрлігі |

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне жүктелген функциялардың сапалы және уақтылы орындалуы;

2) лицензиялық шарттар мен ережелердің сақталуына тексерулер жүргізіледі;

3) жер қойнауын пайдалану құқығына алуға арналған инвестициялық бағдарламалар конкурсын өткізу нәтижелері бойынша жер қойнауын пайдалануға Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретті органымен (Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі) жасалатын келісім-шарттардың конкурс жеңімпаздары анықталатын болады;

4) жер қойнауы туралы компьютерлік дерекқордың қолданбалы бағдарламаларын технологиялық ілестіріп жүру, компьютерлік дерекқордың жергілікті базасын молықтыру; жер қойнауы туралы компьютерлік дерекқордың қолданбалы бағдарламаларын технологиялық ілестіріп жүру; пайдалы қазбалар кен орындарының балансы кадастры және лицензиялау, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану мониторингі, геологиялық-геофизикалық зерделеу, Қазақстан Республикасы аумағының сейсмологиялық-барлау зерделеу жөніндегі компьютерлік деректер базасын толықтыру - 1:1000000 масштабты ауданы 1,5 табақ, гравиметрикалық деректер бойынша - 53 мың тіректі және қатардағы гравиметрикалық бекеттерді бақылау, аэрогеофизикалық деректер бойынша - 130,5 мың км; Қазақстан Республикасының геологиялық қорында сақталатын геологиялық есептерді компьютерлік мұрағаттау бойынша - 4200 есеп беру, сейсмикалық зерттеулерді цифрлау бойынша - 46,3 мың осы тақылеттес ленталар, аумақтық басқармалардың компьютерлік орталықтары үшін шығыс материалдарын, жинақтаушы және запас бөлшектерді, телекоммуникациялық қызметтер көрсетуді сатып алу, компьютерлік және ілеспе жабдықтарға техникалық қызмет көрсету;

5) ақпарат алмасу және ЖПМБМЖ және РНжОН жүйелерінің өзара іс-қимылы

ұйымдастырылған;

6) ақпарат алмасу және лицензияланатын қызмет түрлері мен РНжОН мониторингі жүйелерінің өзара іс-қимылын ұйымдастыру;

7) қызметтік және құпия ақпаратты қорғаудың және нормативтік құжаттардың талаптарына ақпаратты қорғау шараларына сәйкес жетістіктердің деңгейін арттыру;

8) қазіргі экономикалық жағдайларға сәйкес кәсіптік мемлекеттік қызметтің талаптарына сай мемлекеттік қызметшілерді сапалы оқып-үйретудің үйлесімді жүйесін қалыптастыру мен дамыту жолымен мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік деңгейін арттыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
252-қосымша

231 - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Мұнай газ жобалары бойынша пайдалану құқығы мердігерлерге берілуі тиіс мемлекеттік мүліктің есепке алуды жүргізуді қамтамасыз ету"**
**деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 525622 мың теңге (бес жүз жиырма бес миллион алты жүз жиырма екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Капиталмұнайгаз" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы N 240 қаулысы ; "Қарашығанақ мұнайгаз конденсаты кен орны бойынша Өнімді бөлу туралы Түпкілікті Келісімнің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 қарашадағы N 1568 қаулысы; "Қарашығанақгазпром" ашық акционерлік қоғамының конкурстық массасын сатудың ерекше шарты мен тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 мамырдағы N 535 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру кездері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мұнайгаз саласы кәсіпорындарының мүліктік кешендерін сатып алу және бағалау жолымен мемлекеттің мүдделерін қорғау, мұнайгаз жобалары бойынша, оның ішінде Каспий теңізінің қайраңын әзірлеу жобалары

бойынша мердігерлерге пайдалану құқығы берілуге жататын мемлекеттік мүлік есебін қамтамасыз ету және мұнайгаз операциялары бойынша шығындар өтелгеннен кейін мемлекетке мердігер беретін мүліктің есебін қабылдау. Қарашығанақ мұнайгаз конденсаты кен орны бойынша Өнімді бөлу туралы Келісімді орындау, "Интергаз Орталық Азия" ЖАҚ-мен 1997 жылғы 14 маусымдағы Ішкі және халықаралық газ көлік жүйелері мен шаруашылық қызметі Концепциясының Шарты бойынша мемлекеттің міндеттемелерін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мұнайгаз саласының жекелеген кәсіпорындарының мүліктік кешендерін сатып алу және бағалау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | | | | Мұнай газ жобалары бойынша пайдалану құқығы мердігер. лерге берілуі тиіс мем. лекеттік мүліктің есепке алуды жүргізуді қамтамасыз ету |
| 2 | | 100 | Капитал. мұнайгаз | 1. Мемлекеттік мекемені бекітіл. ген штат саны шегінде ұстау - 16 | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Энергетика және минерал. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бірлік. 2. Мұнайгаз жобалары бойынша мердігерлерге пайдалану құқығы берілуге жататын мемлекеттік активтердің есебі. | | дық ресурстар министрлігі |
| 3 | 101 | Мұнайгаз саласы кәсіпорындарының мүліктік кешенін сатып алу және бағалау | 1. Сауда-саттыққа қатысу арқылы мұнайгаз саласының 11 кәсіпорындарының мүліктік кешендерін сатып алу. 2. Мұнайгаз саласының 12 кәсіпорындарының мүліктік кешендерін бағалау. 3. Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарнаманы енгізу. 4. Сатып алынған мүліктік кешендерге меншік құқығын тіркеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 28 маусымдағы N 442 Жарлығына сәйкес жекешелендіруге жатпайтын мұнайгаз саласының жекелеген кәсіпорындарының мүліктік кешендерін сатып алу;

2) мұнайгаз саласының 12 кәсіпорындарының оның ішінде "Қарашығанакгазөнеркәсібі" ААҚ-ның сатып алынған мүліктік кешендерін бағалау;

3) мұнайгаз жобалары бойынша мердігерлерге берілуге жататын мемлекеттік активтердің тиісті есебі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына
253-қосымша

231 - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Жер қойнауын пайдалану геологиясы саласындағы**
**қолданбалы ғылыми зерттеулер"**
**деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 83869 мың теңге (сексен үш миллион сегіз жүз алпыс тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 28 наурыздағы N 827 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған "Минералдық-шикізаттық кешені" бағдарламасының 6.1-тармағы, Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 Заң күші бар Жарлығының 18-бабы , "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 ақпандағы N 232 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті туралы ереженің 11-тармағының 11-тармақшасы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1449 қаулысымен бекітілген "2003-2010 жылдарға арналған елдің минералдық-шикізаттық кешенінің ресурстық базасын дамыту бағдарламасы".

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: геологиялық барлау және соларға ілеспелі жұмыстардың сан алуан түрлерін сапалы жүргізілуін қамтамасыз ететін ғылыми-техникалық әзірлемелерді өткізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат әлеуетінің жай-күйін жақсарту үшін ғылыми-техникалық базаны құру; мамандандырылған карталарды жасау, жаңа технологияларды құру, геодинамикалық модельдерді жасау және пайдалы қазбалар кен орындарының орналасу заңдылықтарын ғылыми әзірлеу; геологиялық зерттеулердің әдістемелік басшылықтары мен нормативтік-құқықтық базасын әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Жер қойнауын пайдалану геологиясы саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | 1. Минералдық-шикізат базасының жай-күйін бағалау және дамуын болжамдау және оның ақпараттық жариялануы - 17 ғылыми әзірлеме, олардың ішінде есеп түрінде 2004 жылы аяқталатыны - 8. 2. Геологиялық-тау кен барлау жұмыстарының жаңа технологияларын әзірлеу - 2 әзірлеме, олардың ішінде есеп түрінде 2004 жылы аяқталатыны - 1. 3. Қазақстан аумағының геологиялық дамуының қазіргі заманғы тұжырымдамаларын әзірлеу - 2 ғылыми әзірлеме. 4. 1 нұсқау мен 4 әдістемелік ұсынымдар және басшылықтар әзірлеу, солардың ішінде | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |

2004 жылы аяқтала. тыны 2 әдістемелік басшылық.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

1) құрамдас бөлігі Қазақстан Республикасының тектоникалық картасы, Арал-Каспий өңірінің терең түзілісінің картасы, стратиграфикалық кодекс, минералды сулар ресурсының болжамды бағалауы, 32-геологиялық конгресс материалдары болып табылатын Қазақстан Республикасының минералды-шикізатының жай-күйін бағалау және дамуын болжамдау жөніндегі есеп берулер түріндегі 8 ғылыми әзірлемелердің жұмысы аяқталады;

2) бағытталған көп ұңғылы бұрғылаудың әдістемелік негіздерінің әзірлемелері аяқталады;

3) пайдалы қазбалар кен орындарын болжамдаудың жаңа буын карталарын және компьютерлік технологияларын құру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар мен басшылықтар әзірленеді;

4) минералдық-шикізаттық базаның жай-күйін және оның дамуын болжамдауды, геологиялық-барлау жұмыстарының жаңа технологиясы әзірлемесінің нәтижелерін ақпараттық қамтамасыз ету - 1 журнал.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 254-қосымша

231 - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған "Жылу-энергетикалық кешен, мұнай-химия және минералдық ресурстар саласындағы технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 498000 мың теңге (төрт жүз тоқсан сегіз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабы; " Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 мамырдағы N 434 қаулысы; "

Қазақстан Республикасының 2002-2030 жылдарға арналған уран өнеркәсібі мен атом энергетикасын дамыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 20 тамыздағы N 926 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: отандық атом энергетикасының дамуына ғылыми-техникалық қолдауды қамтамасыз ету және ядролық ғылымды қажетсінетін технологияларды дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ядролық жарылыстар өткізілу орындарында радиациялық жағдайды сипаттайтын сандық ақпаратты алу және ядролық қондырғыларды орналастыру; мониторингтің біртұтас мемлекеттік жүйелері шеңберінде табиғи ресурстарды және қоршаған ортаның мониторингі жүйесін ұйымдастыру; Қазақстан Республикасының радиациялық-қауіпті объектілері мен аумақтарының әсерінен тәуекелдікті азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру; радиоактивтік қалдықтармен (РАҚ) және оларды сенімді оқшаулаумен айналысу бойынша ұсынымдар мен технологияларды әзірлеу; БН-350 реакторын пайдаланудан шығару бойынша ғылыми-техникалық ілеспе; атом энергетикасы мен өнеркәсіп объектілерінде қазіргі экологиялық қауіпсіз технологияларды әзірлеу; ядролық және термоядролық энергетика мен өнеркәсіптің қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыру жөніндегі міндеттерді шешуге бағытталған ғылыми зерттеулерді дамыту; реакторлық физиканың перспективалық бағыттары бойынша жұмыстарды жүргізу; медициналық және өнеркәсіптік мақсаттағы изотопты өнімге Қазақстанның қажеттілігін қамтамасыз ету; халық шаруашылығының әртүрлі салаларында ядролық-физикалық әдістемелерді және ғылымды қажетсінетін технологияларды әзірлеу және енгізу; ядролық сынақтардың геофизикалық мониторингі жүйесін дамыту; жер асты ядролық жарылыстардың өткізілу орындарында жер қойнауының жай-күйін бағалау және зерттеу әдістемелерін дамыту, РАҚ оқшаулау, ядролық қондырғылардың құрылысы мен пайдаланылуы; сақтау мерзімдері өткен оқ-дәрілерді кәдеге жарату мен конверсиялаудың технологияларын әзірлеу; атом ғылымы, техника, энергетика және өнеркәсіп үшін кадрларды дайындаудың білім беру технологияларын дамыту және жетілдіру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші баға. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 004 | | Жылу-энергетикалық кешен, мұнай-химия және минералдық ресурстар саласындағы технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | 1. "Қазақстанда атом энергетикасын дамыту" республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:
мыналар бойынша жұмыстар басталатын және нәтижелер алынатын болады:
мониторингтің біртұтас мемлекеттік жүйесі шеңберінде радиациялық-қауіпті орындарда қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мониторингі жүйесін жетілдіру;
ауыр авариялар кезінде энергетикалық реакторлардың тәртібін сипаттайтын есептеу кодтарының дұрыстығы үшін жаңа эксперименталдық деректер алу;
энергетикалық реакторлардың элементтерін жобалау мен қауіпсіздік жүйелері үшін қажетті ақпараттық базаны құру;
радиоактивтік қалдықтармен, оның ішінде жұмыс істелінген ядролық отынмен жұмыс істеу жүйесін құру;
ядролық қондырғылардың өмірлік циклының барлық кезеңдерінде қазіргі экологиялық қауіпсіз технологияларды әзірлеу;
ядролық физика мен радиациялық материал жүргізу бойынша жаңа деректерді алу;
медициналық және өнеркәсіптік мақсаттағы радиоизотоптық өнім өндіруді жөнге келтіру;
Қазақстанның өнеркәсібі үшін ядролық және радиациялық технологиялар мен әдістерді әзірлеу;
әлемдік жүйенің құрамында ядролық сынақтар мониторингінің ұлттық жүйесін құру;
ядролық жарылыстар өткізілетін орындарда жер қойнауы туралы жаңа деректерді алу;
Қазақстанның атом саласы үшін кадрларды дайындаудың білім беру

технологияларын, атом энергетикасы мен өнеркәсібінің басым бағыттары бойынша мамандарды дайындау мен қайта дайындау бойынша оқу-әдістемелік сыныптарды әзірлеу және жетілдіру; атом энергиясын бейбіт пайдалану мәселелері бойынша халықты ақпараттандыру және ағарту жүйесін ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
255-қосымша

231 - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Қазақстандық Тоқамақ термоядролық материалтану**
**реакторын құру"**
**деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 586568 мың теңге (бес жүз сексен алты миллион бес жүз алпыс сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасын Халықаралық термоядролық жобаға енгізу туралы 1994 жылғы 28 шілдедегі ИТЭР Кеңесі 6 сессиясының шешімі шеңберіндегі қызметті дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1998 жылғы 22 шілдедегі Өкімі , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 926 қаулысының 1-тармағымен бекітілген Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған Индикативтік жоспарының 3-бөлімінің 402-тармағы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: басқарылатын термоядролық синтез саласында зерттеулер, болашақтағы энергетикалық реакторлардың құрастыру материалдары мен тораптарын зерттеуді және сынауды жүргізу үшін кешенін құру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Тоқамақ термоядролық материалтану кешенін құру (бұдан әрі - ҚТМ).

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

```
__________________________________________________________________________
Рет|Бағ.|Кіші |      Кіші     |     Бағдарламаны      | Іске  |    Жауапты
са.|дар.|бағ.  |бағдарлама.|        іске асыру        | асыру |  орындаушылар
```

| ны N | лама кодың | дар. лама коды | лардың атауы | жөніндегі іс-шаралар | | мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Қазақстан. дық Тоқамақ термоядро. лық мате. риалтану реакторын құру | "Тоқамақ Қазақстан термоядролық материалтану реакторын құру" инвестициялық жобасын "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республи. касының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсан. дағы N 1260 қаулысына 2-қосым. шаға, мынадай шараларға техника. лық-экономикалық негіздемеге сәйкес іске асыру: 1) ҚТМ кешенінің негізгі жүйелеріне және орнатылуына конструкторлық жұмыс құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмысты аяқтау; 2) ҚТМ кешенінің қолданыстағы ғима. ратын қайта жаңғыр. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Энергетика және минерал. дық ресурстар министрлігі |

туды жалғастыру және жаңа құрылыс. тарын салу;
3) ҚТМ кешенінің сыртқы электрмен жабдықтау жүйелері үшін жабдықтардың бөлшектері мен материалдар сатып алу, ҚТМ кешенінің сыртқа электрмен жабдықтау жүйесін монтаждауды бастау;
4) вакуумдық сорғы жүйесін құруды бастау, жабдықтар. дың бөлшектері мен материалдар сатып алу;
5) контроллерді, модемдерді, драй. верлерді сатып лу, автоматтандыру, бақылау және авариялық қорғау жүйелерін табиғи үлгілеу;
6) жабдықтарды, материалдарды сатып алу және ҚТМ вакуумдық камера жүйесін дайындау;
7) жабдықтардың бөлшектерін, мате. риалдарды сатып алу, ҚТМ диагности. касы жүйелерін құруды бастау;
8) жабдықтарды,

материалдарды сатып алу, ҚТМ қондырғысы импульс. ті қоректену жүйе. лерін құруды бастау;

9) жабдықтардың бөлшектерін, материалдарды сатып алу, ҚТМ магниттік жүйесі үшін жабдықтарды дайындауды бастау;

10) жабдықтардың бөлшектерін, материалдарды сатып алу, вакуум камера. сын боронизациялау жүйесін құруды бастау;

11) ҚТМ табиғи қорғау жүйесі, жабдықтардың бөлшек. терін, материалдар. ды сатып алу;

12) инженерлік жүйелер мен жылытуды пайдалануды қамта. масыз ету, ҚТМ кешенін қорғау;

13) кадрларды даярлау.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

1) ҚТМ кешенінің негізгі жүйелері мен қондырғысына жұмысшы конструкторлық құжаттамасы;

2) ҚТМ кешені ғимараты мен кірме автожолдарды қайта жаңғырту жөніндегі құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемін орындау;

3) ҚТМ қондырғысының санитарлық-қорғау аймағының жабдықтары;

4) сыртқы электрмен қамтамасыз ету жүйесінің жабдықтары;
5) дайындалған вакуум камерасы;
6) ҚТМ кешенінің жабдығы мен пульттық басқару жинақтаушылары;
7) жүйенің әзірленген бағдарламалық қамтамасыз етілуі;
8) вакуумдық жүйені монтаждау үшін жабдықтар мен материалдар;
9) ҚТМ вакуумдық жүйесі үшін дайындалған стандартты емес жабдықтар;
10) диагностика жүйелерінің жинақтаушы жабдықтары;
11) вакуумдық камераны боронизациялау жүйесінің жабдықтары.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
256-қосымша

231 - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде**
**ауыр иондарды жеделдету негізінде пәнаралық**
**ғылыми-зерттеу кешенін құру"**
**деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 908105 мың теңге (тоғыз жүз сегіз миллион бір жүз бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 926 қаулысының 1-тармағымен бекітілген 2004-2006 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының 3-бөлімі.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ғылымды қажетсінетін озық технологияларды және импортты алмастырушы өндірістерді дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ғылымды ауыр иондарды жеделдеткіш базасында пәнаралық оқу ғылыми-зерттеу кешенін құру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет саны N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ауыр иондарды жеделдету негізінде пәнаралық ғылыми-зерттеу кешенін құру | Төмендегі іс-шараларға арналған "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес Гумилев Л.Н атындағы Еуразиялық ұлттық университетінде ауыр иондарды жеделдеткіш негізінде пәнаралық ғылыми-зертеу кешенін құру" инвестициялық жобасын іске асыру: 1) будаларды тасымалдау арналарымен ауыр иондардың циклотрондары үшін тораптарды дайындау және жабдықтар сатып алу: ЭЦР - | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |

көздері базасында ауыр көп разрядты иондардың инжектор-имплантаторы үшін; іздік мембраналардың тәжірибелік лектерін алу үшін технологиялық жабдықты қоса алғанда, жаңа материалдардың ғылыми-технологиялық зертханасын құру үшін;
2) бекітілген заңнамалық тәртіппен белгіленген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес пәнаралық ғылыми-зерттеу кешені ғимаратының құрылысы;
3) кешенге қызмет көрсету үшін персоналды оқып-үйрету.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

1) тораптар мен жабдықтар: будаларды тасымалдау арналарымен ауыр иондардың циклотрондары; ЭЦР көздері базасында ауыр көп разрядты иондардың инжектор-имплантаторы; жаңа материалдардың ғылыми-технологиялық зертханасы үшін;

2) пәнаралық ғылыми-зерттеу кешені ғимаратының құрылысы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемін орындау (сметалық құнының 70%).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
257-қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.24. N 197аф қаулысымен.

231 - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Уран кеніштерін тұмшалау және жою, техногендік қалдықтарды көму"**
**деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 673607 мың теңге (алты жүз жетпіс үш миллион алты жүз жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығының 1.2-бөлімі; "Уранкеніштарату" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 желтоқсандағы N 1311 қаулысы ; "Уран өндіруші кәсіпорындарды консервациялаудың және уран кен орындарын әзірлеу салдарын жоюдың 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 шілдедегі N 1006 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 шілдедегі N 1006 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2003 жылғы 25 ақпандағы N 199 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: таратылатын уран өндіруші кәсіпорындар аудандарындағы халық пен қоршаған ортаның радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: уран кеніштерін консервациялау және жою , аумақты шұрайландыру және кеніштердің өнеркәсіптік алаңдарында орналасқан техногендік уран.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

```
______________________________________________________________________
Рет|Бағ.|Кіші |    Кіші     |    Бағдарламаны     | Іске   |   Жауапты
са.|дар.|бағ. |бағдарлама.|      іске асыру      | асыру | орындаушылар
ны |лама|дар. |    лардың    |       жөніндегі        |мерзімі|
```

| N | коды | лама коды | атауы | іс-шаралар | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 008 | | Уран кеніштерін тұмша.лау және жою, техно.гендік қалдықтарды көму | 1. N 3 Кен басқармасының N 8 кенішін консервациялауды аяқтау (Заозерное кен орны). 2. N 3 Кен басқармасының N 9 кенішін таратуды аяқтау (Тастыкөл кен орны). 3. Шығыс кенішін тарату (Бота бұрым және Жусандылы кен орындары - жұмысты жалғастыру). 4. Қордай кенішін тарату (Қордай кен орны - жұмысты бастау). 5. Жарғылық қорға үлес қосу жолымен бағдарламаны орындау үшін негіз.гі құрал-жабдықтар.ды сатып алу. 6. N 3 кен басқар-масының N 14 кенішінің (Глубинное, Шат, Ағаш және Көксор кен орындары) бетін шұ-райландыру - жұмыс-тарды бастау. 7. Жарғылық қорға үлес қосу жолымен | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы.ның Энергетика және минерал.дық ресурстар министрлігі |

бағдарламаны орын.
дау үшін негізгі
құрал-жабдықтарды
сатып алу.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

1) N 3 Кен басқармасының N 8 кенішін консервациялауды аяқтау: кеніштің өнеркәсіп алаңдарын залалсыздандыру және бос үйінділер мен Көксор көлін шұрайландыруды орындау. Объект консервіленеді және Ведомствоаралық комиссияға тапсырылады;

2) N 3 Кеніш басқармасының N 9 кенішін таратуды аяқтау (Тастыкөл кен орыны): кеніштік және баланстан тыс ластанған жыныс үйінділерін шұрайландыруды аяқтау. Объект консервіленеді және ведомствоаралық комиссияға тапсырылады;

3) Шығыс кенішін тарату (Бота-Бұрым және Жусандылы кен орындары - жұмыстарды жалғастыру): бос жыныс үйінділерін, тауарлық кені аз біріккен және үймелі ерітінділенген үйінділерді шұрайландыру, сүзгілеу алаңдарын таза тау топырағымен жабу;

4) Қордай кенішін тарату (Қордай кен орыны - жұмысты бастау): кеніштік және баланстан тысқары үйінділерді шұрайландыру;

5) N 3 кен басқармасының N 14 кенішінің (Глубинное, Шат, Ағаш және Көксор кен орындары) өндірістік алаңдарының бетін шұрайландыру - жұмыстарды бастау: баланстан тысқары үйінділерді және N 6 карьердің өндірістік алаңын шұрайландыру жөніндегі бірінші кезектегі жұмыстар кешені орындалды.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
258-қосымша

231 - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Қарағанды көмір бассейнінің шахталарын жабу"**
**деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 533499 мың теңге (бес жүз отыз үш миллион төрт жүз тоқсан тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қарағандыкөмір"

мемлекеттік холдингтік компаниясының құрылымын қайта ұйымдастыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 1 қарашадағы N 1415 қаулысы ; "Қарағанды көмір бассейнінің тиімсіз шахталарын одан әрі жабу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 қыркүйектегі N 1479 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қарағанды көмір бассейнінің шахталарын жабу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қарағанды көмір бассейнінің шахталарын тарату жөніндегі техникалық іс-шараларды орындау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет саны N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 009 | | Қарағанды көмір бассейнінің шахталарын жабу | 1. "Арман" ЖШС N1 шахтасы бойынша тарату жұмыстарын жүргізу:<br>1) тау-кен өндірімдерін жою;<br>2) ғимараттар мен құрылыстарды салу;<br>3) ұңғымаларды жою;<br>4) бұзылған жерлерді шұрайландыру.<br>2. "Қарағандыкөмір" ЖШС N1 шахтасы бойынша тарату жұмыстарын жүргізу:<br>1) тау-кен өндірімдерін жою;<br>2) ғимараттар мен құрылыстарды салу; | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |

3) жабдықтарды демонтаждау;
4) тұнбаландырғыш кешен;
5) бұзылған жерлер. ді шұрайландыру.
3. "Қарағандыкөмір" АҮАҚ N2 шахтасы бойынша тарату жұмыстарын жүргізу:
1) тау-кен өндірім. дерін жою;
2) ғимараттар мен құрылыстарды салу;
3) жабдықтарды демонтаждау;
4) бұзылған жерлерді шұрайландыру.
4. "Қарағандыкөмір" АҮАҚ N3 шахтасы бойынша тарату жұмыстарын жүргізу:
1) тау-кен өндірім. дерін жою;
2) ғимараттар мен құрылыстарды салу;
3) жабдықтарды демонтаждау;
4) бұзылған жерлер. ді шұрайландыру.
5. "Абайкөмір LTD" ЖШС шахтасы бойынша тарату жұмыстарын жүргізу:
1) тау-кен өндірім. дерін жою;
2) ғимараттар мен құрылыстарды салу;
3) жабдықтарды

демонтаждау;

4) бұзылған жерлер.
ді шұрайландыру.

6. "Қарағандышахта.
тарату" РМБК пайда.
лану шығындары.

7. "Метан" бағдар.
ламасы:

1) метан эмиссиясы
аймағында атмосфера.
лық жағдайды эколо.
гиялық бақылау
әдістемесін әзірлеу;

2) өндірілетін газ
көлемін оны "Киров"
шахтасының қазанды.
ғында пайдалану
үшін арттыру мүмкін.
дігін негіздеу;

3) бұрынғы Октябрь
Революциясының
50-жылдығы атындағы
шахтаның пайдала.
нылған кеңістігінің
су басу деңгейін
зерделеу жөніндегі
зерттеулерді
орындау және газ
коллекторларының
көлемін анықтау;

4) сығылған метанды
оны тұрмыста пайда.
лану және автомаши.
наларға құю үшін
алудың техника-эко.
номикалық негіздеме.
сі мен технологиясын
әзірлеу.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

1) 2004-2006 жылдарға арналған жобаға сәйкес "Арман" ЖШС N 1 шахтасында тарату жұмыстарын жалғастыру;

2) 2004-2006 жылдарға арналған жобаға сәйкес "Қарағандыкөмір" АҮАҚ N 1, 2, 3 шахталарында тарату жұмыстарын жалғастыру;

3) "Абай Көмір LTD" ЖШС шахтасын толық тарату;

4) "Метан" бағдарламасын орындау: метан эмиссиясы аймағында атмосфералық жағдайды экологиялық бақылау әдістемесін әзірлеу, сығылған метанды оны тұрмыста пайдалану және автомашиналарға құю үшін алудың техника-экономикалық негіздемесі мен технологиясын әзірлеу, өндірілетін газ көлемін оны "Киров" шахтасының қазандығында пайдалану үшін арттыру мүмкіндігін негіздеу, бұрынғы Октябрь Революциясының 50-жылдығы атындағы шахтаның пайдаланылған кеңістігінің су басу деңгейін зерделеу жөніндегі зерттеулерді орындау және газ коллекторларының көлемін анықтау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
259-қосымша

231 - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Жылу-энергетика кешенін дамыту"**
**деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 98530 мың теңге (тоқсан сегіз миллион бес жүз отыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Энергия үнемдеу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 25 желтоқсандағы Заңының 3-6 , 9 , 12-баптары , "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 5 , 7-баптары , "Стандарттау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 10 және 15-баптары , Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы отын-энергетикалық кешені саласындағы ынтымақтастық туралы 2000 жылғы 9 қазандағы меморандумы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысымен бекітілген 2002-2004 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің Іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 6.2.1 және 6.3.2-тармақтары.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:

1) еліміздің энергия ресурстарының әлемдік рыногындағы орны мен рөлін ескерумен Ресей Федерациясының экономикасына Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін интеграциялаумен отын мен энергияға елдің өскелең экономикасының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін 2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық балансын әзірлеу;

2) көмір саласының халықаралық стандарттарға көшуіне жағдай туғызу;

3) Қазақстан Республикасында электр және жылу энергиясының сапасына тұрақты бақылау жүйесін құру, Қазақстан Республикасының энергия кәсіпорындарын нормативтік-техникалық құжаттармен қамтамасыз ету; энергиямен жабдықтау сенімділігін және энергия кәсіпорындарының қондырғыларын пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

4) әлемдік жетістіктерге сәйкес қосымша құн тізбегі бойынша тауарлық мұнайхимия өнімін шығарумен жұмыс істеуші технологияларды және көмірсутегі шикізатын тереңдетіп тазалау және кешенді қайта өңдеу жөніндегі өндірістерді құрумен Қазақстан өнеркәсібінің мұнайхимия саласының жеделдетілген дамуы;

5) энергия үнемдеу жүйесі мен саясатын және өнімнің энергия сыйымдылығы кезеңін азайту және энергетикалық тиімділікті арттыру жолымен әзірлеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:

1) 2002 жылға дейінгі перспективаға арналған Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының отын-энергетикалық балансын және 2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық балансын әзірлеу;

2) халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес көмірдің мемлекеттік стандарттарын, әзірлеу, жіктеу және кодтандыру, ішкі және сыртқы рыноктардағы сауда үшін көмір өнімдерінің каталогы мен кодтағышын әзірлеу;

3) энергетика және мұнайгаз өнеркәсібі саласында нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу;

4) мұнайхимия кәсіпорындарының өндірістік қуатын салуды жобалау жөніндегі техникалық тапсырмаларды әзірлеу;

5) энергия үнемдеу жөніндегі бағдарламаны әзірлеудің басталуы.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | 010 | | | | Жылу-энерге. тика кеше. нін дамыту |
| 2 | | 100 | 2020 жылға дейінгі перспекти. ваға Қазақстан Республи. | 1. 2020 жылға арналған Қазақстан Республикасының отын-энергетика. лық балансын әзірлеу. касы мен Ресей Феде. рациясының бірлескен жылу-энер. гетикалық балансын әзірлеу | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Энергетика және минерал. дық ресурстар министрлігі 1) Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының бірлескен отын-энергетикалық балансы - 2020. 2) 2020 жылға дейінгі перспек. тиваға арналған Қазақстан Респуб. ликасының өндіріс. тік күштерін дамыту және орна. ластыру тұжырым. дамасы. |
| 3 | | 101 | Көмір саласының халықара. лық стан. дартқа көшуін қамтамасыз ету | 1. Үш мемлекеттік стандартты әзірлеу. 2. Халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес (Екібастұз бассей. ні) көмір өнімдері каталогы мен сынып. тауышын әзірлеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Энергетика және минерал. дық ресурстар министрлігі |
| 4 | | 102 | Электро. энергетика | Энергия жабдықта. рын пайдалану, | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | және мұнай өңдеу саласында норматив. | жөндеу, монтаждау және реттеу сала. сындағы жаңа талаптарға сәйкес тік-техни. калық құжаттарды әзірлеу нормативтік-техни. калық құжаттаманы және негізгі талап. тарға сәйкес электр энергиясы қондырғы. ларын пайдаланудың сенімділігі мен қауіпсіздігі мәсе. лелері бойынша - 19 құжатты әзірлеу. | | ның Энергетика және минерал. дық ресурстар министрлігі |
| 5 | 103 | Өнеркәсіп. тің мұнай-химиялық саласын дамыту және құру | 1. Қазақстандық-ресейлік инвести. циялық жоба (кейін этилен мен пропилен алумен 500,0 мың тонна этиленді қайта өңдеудің өндірістік қуатымен "КРИП") шеңберінде Аджип ККО газ құбыр өткізгішінде мұнай химия қондыр. ғысының өндірістік қуаттарын салуды жобалау жөніндегі техникалық тапсыр. маны әзірлеу. 2. Ақтөбе облысының Жем қаласында қуат. тылығы 500 мың тонна мұнай және 150 млн. текше метр газ (бұрынғы Ембі-5) әскери полигонының аумағында) Жаңажол | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Энергетика және минерал. дық ресурстар министрлігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | және Кеңқияқ кен орындарының газын қайта өңдеу үшін) мұнайхимия зауытын салу жөніндегі "Казнефтехим" ЖШС-нің инвестиция. лық жобасының өнді. рістік қуаттарын жобалау жөніндегі техникалық тапсыр. маны әзірлеу. |
| 6 | 104 | Энергияны үнемдеу бағдарла. масын әзірлеу | Энергия үнемдеу жөніндегі бағдарла. маны әзірлеудің басталуы. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Энергетика және ресурстар министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

1) 2020 жылға дейінгі перспективаға арналып әзірленген Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының бірлесіп әзірленген отын-энергетикалық балансы - 1 құжат ;

2) 3 мемлекеттік стандарт;

3) халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес Екібастұз бассейнінің көмір өнімінің каталогы және кодтағышы;

4) электр энергетикасы саласында 19 нормативтік-техникалық құжат;

5) екі жоба бойынша кәсіпорындардың көмірсутек шикізатын қайта өңдейтін өндірістік қуаттарды салуды жобалау жөніндегі техникалық тапсырмалар әзірленетін болады;

6) Энергия үнемдеу жөніндегі бағдарламаның бірінші кезеңі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
260-қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.24. N 197аф қаулысымен.

231 - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету"**
**деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 298245 мың теңге (екі жүз тоқсан сегіз миллион екі жүз қырық бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының "Атом энергиясын пайдалану туралы" 1997 жылғы 14 сәуірдегі 4 , 5 және 13-баптары , Қазақстан Республикасының "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" 1998 жылғы 23 сәуірдегі 5 , 6 және 9-баптары .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының аумағындағы қазіргі радиациялық жағдайды және халық үшін радиологиялық ахуалды бағалау, радиациялық факторлар жиынтығы бойынша аумақтарды белдемдеу және кейінгі радиоэкологиялық мониторинг жүргізу үшін аумақтар мен алаңдарды бөлу; зерттеулер нәтижелері бойынша радионуклидтермен ластанған аумақтарды оңалту және нормадан тыс радиоактивтік сәулелену жағдайларынан халықты қорғау жөнінде ұсыныстар әзірлеу; ампулдық көздер қоймасында тұратын бұрынғы Ертіс химия-металлургия зауытының аумағынан радиоактивтік қалдықтар мен иондаушы сәулеленудің ампулдық көздерінің бақыланбай таратылуын болдырмау, сондай-ақ олардың әсер ету қауіпсіздігін азайту; бұрынғы Семей сынақ полигоны (бұдан әрі - ССП) аумағының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оның аумағының ерекшеліктерін ескерумен шаруашылық қызметін жүргізуді ұйымдастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының аумағында радиациялық жағдайды зерделеу жөніндегі далалық және талдау зерттеулері кешенін орындау, жүргізілген жұмыстарды кешенді талдау және жүргізілген жұмыстар жөнінде есеп жасау;

2) радиоактивтік қалдықтарды көму пункттері аумағына халықтың қол жеткізуін шектеу; бұрынғы Ертіс химия-металлургия зауытында радиоактивтік қалдықтарды көму пункттерінің иондаушы сәулелеу ампулдық көздерін сақтау қоймаларын ұйымдастыру және іске қосу сияқты иондаушы сәулелеу ампулдық көздерін көму жөніндегі де құжаттаманы (жобалық, ұйымдастырушылық, өкімдік және т.б.) қалпына келтіру; радиоактивтік қалдықтарды көму пункттеріне егжей-тегжейлі радиациялық зерттеу жүргізу; радиоактивтік қалдықтарды көму пункттері мен иондаушы сәулелеу ампулдық көздерін көму пункттерін іздестіру және сәулелеуді олардың аумағында тұрған жоғары активті сәулелену көздерінен тазарту; иондаушы сәулелеу ампулдық

көздерін көму пункттерін тарату жөнінде жұмыстар жүргізу және онда байқалған иондаушы сәулелеу ампулдық көздерін "Байкал-1" зерттеу реакторлары кешені (бұдан әрі - "Байкал-1" ЗРК) қоймаларына орналастыру; бұрынғы Ертіс химия-металлургия зауытының радиоактивті қалдықтарын көму пунктін қоршаған орта мен халық үшін радиациялық қауіпсіз жағдайға келтіру жөніндегі залалсыздандыру және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу;

3) ССП аумағының шекараларын тексеру және жайластыру; ССП аумағында шаруашылық жұмыстарын жүргізу тәртібін регламенттейтін нормативтік-техникалық база жасау; ССП аумағындағы шаруашылық қызметінің мониторингі; ССП аумағында орналасқан ядролық және радиациялық-қауіпті объектілер қауіпсіздігін қамтамасыз ету ; ССП аумағын басқару жөнінде шешімдер қабылдау жүйесін құру; ССП аумағында шаруашылық қызметін жүргізу қауіпсіздігі мен ұйымдастырылуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ақпараттық қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет саны N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 011 | | Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету | 1. Қазақстан Республикасының аумағында радиациялық жағдайды зерделеу (100000 мың теңге): 1) 400 мың шаршы км. аланда масштабы 1:1000000 өңірлік радиогидролитохимиялық түсіру. 2. Иондаушы сәулеленү және белсенділігі жоғары радиоактивті қалдық- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |

тардың ампулдық көздерін радиациялық зерттеу, түсіру және "Байкал-1" зерттеу реакторлары кешенінде сақтауға орналастыру және бұрынғы Ертіс химия-металлургия зауытының алаңындағы (85000 ш.м.) радиоактивті қалдықтарды көму пунктін радиациялық қауіпсіз жағдайға келтіру жөніндегі залалсыздандыру және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу (148245 мың теңге).

3. Учаскелерде негізінен 20 таукен үйінділері объектілері мен 10 жергілікті радиоактивтік ластану объектілерінде техногендік радиоактивтік ластанудың егжей-тегжейлі радиоэкологиялық зерттеулері. Ертіс химия-металлургия зауытынан 5000 иондаушы сәулелеу ампулдық көздерін радиациялық зерттеу, түсіру және "Байкал-1" ЗРК-не сақтауға орналастыру (148245

мың теңге).
4. Бұрынғы ССП қауіпсіздігін қам. тамасыз ету (50000 мың теңге);
1) ССП шекарасын анықтау және келісу және полигон картасын жасау;
2) ССП аумағын басқару жөніндегі нормативтік-техни. калық және әдісна. малық базаны әзірлеу - 2 құжат;
3) ССП аумағында шаруашылық қызмет мониторингі 2 пункттерін қалпына келтіру;
4) ССП аумағында орналасқан реактор. ларды табиғи қорғау жүйесіне жоба алдындағы зерттеулер жүргізу;
5) ССП аумағын басқару жөніндегі жұмыстар нәтиже. лерін ақпараттық қамтамасыз етуді жасау.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

1) Қазақстан Республикасының аумағында радиациялық жағдайды зерделеу: өңірлік зерттеулер бойынша Павлодар (аяқтау), Қарағанды (бастау), Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының аумағы бойынша 400000 ш.км. алаңда 1:1000000 масштабпен радиогидролитохимиялық түсіру орындалатын болады; орта масштабты зерттеулер бойынша радиациялық факторлар сомасы бойынша

радиациялық шиеленістілікті бағалау үшін Шығыс Қазақстанда 2 үлгілік учаске жан-жақты зерделенетін болады; егжей-тегжейлі зерттеулер бойынша радиоактивті қалдықтары бар 20 тау-кен өндіру объектісі және радиоактивті ластанған 10 учаске, Қазақстанның алты облысы бойынша 1:1000000 масштабпен топырақ пен судың радиациялық-химиялық ластану карталары, барлығы 120 карта; санамаланған карталар мен паспорттар қоса берілген ақпараттық есеп алдын-ала зерттелетін болады;

2) иондаушы сәулеленудің ампулдық көздерін және белсенділігі жоғары радиоактивті қалдықтарды зерттеу, түсіру және "Байкал-1" ЗРК қоймасына сақтауға орналастыру және бұрынғы Ертіс химия-металлургия зауытының алаңындағы (85000 ш.м.) радиоактивті қалдықтарды көму пунктінің аумағын радиациялық қауіпсіз жағдайға келтіру:

жобаны іске асыру бұрынғы Ертіс химия-металлургия зауытының радиоактивтік қалдықтарды көму пункттерінде көмілген радиоактивтік қалдықтар мен иондаушы сәулелеу ампулдық көздерінен адамдардың денсаулығы мен өміріне нақты және тұрақты төніп тұрған қауіпсіздікті жоюға, олардың бақылаусыз таралуының ықтимал арналарын жабуға мүмкіндік береді.

3) Бұрынғы "ССП қауіпсіздігін қамтамасыз ету" шағын бағдарламасы бойынша:

ССП шекаралары келісілді және бекітілді, полигонның картасы жасалды;

ССП-2 аумағын басқару жөніндегі нормативтік-техникалық және әдіснамалық база әзірленді;

ССП аумағындағы ғимараттар қалпына келтірілді және мониторинг қызметі орналасқан 2 пунктке материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүргізілді;

ССП аумағында орналасқан реакторларды табиғи қорғау жүйесін жоба алдындағы барлау жүргізілді;

Интернет-технологияны пайдаланумен ақпараттық арна және жұртшылықпен байланыс жүйесі құрылды.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
261-қосымша

231 - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Геологиялық ақпаратты түзу"**
**деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 68292 мың теңге (алпыс сегіз миллион екі жүз тоқсан екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 28 наурыздағы N 827 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі Бағдарламасының "Минералдық-шикізат кешені" 6.1-тармағы; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 ақпандағы N 232 қаулысының 3-тармағы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 106 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы жер қойнауының мемлекеттік мониторингі туралы ереженің 8, 9, 12, 20, 21, 23, 26-тармақтары.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат кешенінің жай-күйін талдау; жер қойнауын пайдалану мониторингісі; жер қойнауын пайдалану объектілерін геоақпараттық қамтамасыз ету және тіркеу; жер қойнауын пайдаланушылардың қызметі нәтижелерінің мемлекеттік статистикалық есебін алу; жер қойнауы туралы ақпаратты сақтау және пайдалануға ұсыну.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: пайдалы қазбалар кен орындарының мемлекеттік балансын жүргізу; жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шарт шарттарын орындауын, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұрудың, тоқтатудың белгіленген тәртібін сақтауын бақылауды жүзеге асыру, жер қойнауын пайдалану нәтижелерінің статистикалық есебін алу; геологиялық ақпаратты мемлекеттік сақтау және пайдалануға ұсыну; Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық, геофизикалық және басқа да зерделенуінің мемлекеттік есебін алу, жер қойнауы туралы бактер мәліметінің техникалық және технологиялық әкімгерлігі.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 012 | | Геологиялық ақпаратты түзу | 1. Республикалық геологиялық ақпарат орталығын бекітіл. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Энергетика |

ген штат санының шегінде ұстау - 71 бірлік.

және минерал. дық ресурстар министрлігі

2. Пайдалы қазбалар қорларының мемле. кеттік балансын жүргізу.

3. Жер қойнауы мен жер қойнауын пайда. лану туралы ақпа. ратты жинауды, сақтауды және пай. далануға беруді жүзеге асыру.

4. Жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шарт шарт. тарының мониторин. гісін ұйымдастыру және жүзеге асыру, 1-4 ЛКШ нысандары бойынша жер қойнау. ын пайдалану нәтижелеріне статистикалық есеп жүргізу.

5. Жер қойнауы мен жер қойнауын пайда. лану саласында автоматтандырылған деректер базасын жүргізу.

6. Кен орындары мен байқалған пайдалы қазбалардың мемле. кеттік кадастрла. рын жүргізу.

7. Геологиялық ақпаратты сатып

алуға арналған келісімдерді; геологиялық ақпа. ратты Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығаруға рұқсаттар. ды; геологиялық ақпарат пакеттерін дайындау.

8. Жер қойнауын пайдалану объекті. лері мен субъекті. лері бойынша ақпараттық қамтама. сыз етуді жүзеге асыру; жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарының жобала. рын келісуге қатысу.

9. Өзінің құзыреті шегінде жер қойнауын қорғау мен пайдала. нуды аумақтық басқару қызметіне әдістемелік басшы. лық жасауды жүзеге асыру.

10. Жер қойнауын қорғау құқығын беруге арналған конкурсқа шығарыла. тын объектілердің тізбесін жасау.

11. Тау-кендік және геологиялық бөлуді дайындау және беру.

12. Геологиялық зерделеу жөніндегі

жұмыстарды мемле. кеттік тіркеу, геологиялық зерт. теулердің объектілік жоспарларын тіркеу, Қазақстан Республи. касының геологиялық және геофизикалық зерделенуін жүргізу.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

1) жер қойнауын пайдалану мониторингісін енгізу, жер қойнауын пайдаланушылардың лицензиялық-келісім-шарттық шарттарды орындауын есепке алу;

2) пайдалы қазбалар кен орындары қорларының мемлекеттік балансын жүргізу - 108 баланс;

3) геологиялық ақпараттың мемлекеттік сақталуы және пайдалануға берілуі - геологиялық есептердің жыл сайын түсуі - жылына 240 есеп беру;

4) жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт жобаларын келісу - 60 келісім-шарт жобасы;

5) жер қойнауын пайдалануға арналған тау-кендік және геологиялық бөлулерді дайындау - 80 бөлу;

6) Қазақстан Республикасының аумағын геологиялық, геофизикалық зерделеудің мемлекеттік есебі - 100 есеп карточкалары.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 262-қосымша

231 - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Мемлекеттік геологиялық зерделеу"**
**деген 013 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 866508 мың теңге (сегіз жүз алпыс алты миллион бес жүз сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27

қаңтардағы N 2828 заң күші бар Жарлығының 18-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығымен бекітілген "Халық денсаулығы" Мемлекеттік бағдарламасының "Халықты ауыз сумен қамтамасыз етуді жақсарту" Іс-шаралар жоспарының 3-тармағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 93 қаулысымен бекітілген 2002-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" салалық бағдарламасы Іс-жоспарларының 8-тармағы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 28 наурыздағы N 827 Жарлығымен бекітілген 2002-2004 жылдарға арналған "Минералдық-шикізат кешені" Қазақстан Республикасының Үкіметі Бағдарламасының 6.1-тармағы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1449 қаулысымен бекітілген 2003-2010 жылдарға арналған елдің минералдық-шикізат кешені ресурстық базасын дамыту бағдарламасының 5 және 6-бөлімдері.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: пайдалы қазбалардың кен орындарының ашылуына арналған перспективалы алаңдарды анықтау үшін қазіргі заманғы геологиялық негіз құру; пайдалы қазбалар кен орындарын ашудың негізі ретінде минералдық шикізаттың әртүрлерінің болжамды ресурстарын анықтау; Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат базасын нығайту; пайдалы қазбалар қорларының өсуіне қол жеткізу және оларға баға беру; Астана қ. Сумен қосымша қамтамасыз ету үшін жерасты су көздерін анықтау; елді мекендерді сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларының жаңа учаскелері мен кен орындарын анықтау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: пайдалы қазбалар кен орындарын іздестіру үшін қазіргі заманғы картографиялық негіз құру мақсатында аймақтық, геологиялық-суретке түсіру, геофизикалық, гидрогеологиялық жұмыстар жүргізу: минералдық-шикізат базасының озыңқы дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін геологиялық, гидрогеологиялық, геофизикалық карталар жасау, пайдалы қазбаларды іздестіру бағытын анықтау үшін болжамды-металлогеникалық негіз құру, пайдалы қазбалар қорларының өсуіне қол жеткізу және оларға баға беру мақсатында іздестіру-баға беру жұмыстарын жүргізу, пайдалы қазбалар кен орындарын анықтау, пайдалы компоненттердің қорларын есепке алу, олардың инвестициялық тартымдылығын арттыру, Волгодон учаскесіндегі іздестіру-барлау жұмыстары, жер асты суларын пайдалануды жеделдету, жер асты су көздерін табу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

---

Рет|Бағ.|Кіші | Кіші | Бағдарламаны | Іске | Жауапты
са.|дар.|бағ. |бағдарлама.| іске асыру | асыру | орындаушылар
ны |лама|дар. | лардың | жөніндегі |мерзімі|
N |коды|лама | атауы | іс-шаралар | |

| | | коды | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | | 013 | | Мемлекеттік геологиялық зерделеу | | |
| 2 | | 100 | Аймақтық және геоло. гиялық түсіру жұмыстары | 1. 1:200000 масштабта 78,04 мың км 2 аланда геологиялық жете зерделеу. 2. 27,08 мың шаршы км. аланда аймақтық гидрогеологиялық жұмыстар. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Энергетика және минерал. дық ресурстар министрлігі |
| 3 | | 101 | Іздестіру-бағалау жұмыстары | 250 шаршы км. аланда іздестіру-баға беру жұмыста. рын жүргізу | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Энергетика және минерал. дық ресурстар министрлігі |
| 4 | | 102 | Іздестіру-барлау жұмыстары | 1. Волгодон учаскесінде іздес. тіру-бағалау жұмыстарын аяқтау. 2. Облыстар бойын. ша елді мекендерді сумен жабдықтау мақсатында жер асты сулары кең орын барын табу үшін іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу: Ақмола - 6, Батыс Қазақстан - 4, Қостанай - 2, Павлодар - 7, Солтүстік Қазақстан | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Энергетика және минерал. дық ресурстар министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:
1) 78,64 мың шаршы км алаңдағы 1:200000 масштабында жетілдіре геологиялық зерделеу жүргізілетін, қазіргі заманғы геологиялық негіз (1:200000 масштабының геологиялық және геофизикалық карталарының 14 парағы) алынатын болады;
2) пайдалы қазбалар кен орындарын анықтау үшін перспективалы жалпы көлемі кемінде 900 шаршы км кем емес учаскелер бөлінетін болады;
3) өңірлік гидрогеологиялық жұмыстарды 27,08 мың шаршы км. аланда жерасты ауыз суды іздеу жұмыстарын өткізу үшін 6 келешегі бар учаскелерді анықтай отырып орындалатын болады;
4) алтын қорының - 5 тоннасы, күмістің - 30 тоннасы, қорғасынның - 20 мың тоннасы, мырыштың - 30 мың тоннасының өсуі қамтамасыз етілетін болады;
5) келешегі бар Волгодон учаскесіндегі қорларға алдын ала бағалау берілетін болады;
6) 33 елді мекенді сумен қамтамасыз ету мақсатында жерасты сулары кен орындарын табу үшін перспективалы су жеткізуші көкжиектерге сипаттама берілетін болады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
263-қосымша

231 - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану мониторингі"**
**деген 014 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 542504 мың теңге (бес жүз қырық екі миллион бес жүз төрт мың теңге).
2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 заң күші бар Жарлығының 56, 58, 59-баптары , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 қазандағы N 1288 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Жер қойнауының мемлекеттік сараптамасы туралы" ереже, Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 28 наурыздағы N 827 Жарлығымен бекітілген 2002-2004 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Минералдық-шикізат кешені бағдарламасының" 6.1-тармағы

, "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 106 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі туралы ереженің 8, 9, 12, 13, 19, 28-тармақтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1449 қаулысымен бекітілген 2003-2010 жылдарға арналған елдің минералдық-шикізат кешенінің ресурстық базасын дамыту бағдарламасы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қазіргі экономикалық жағдайда жетекші кен орындарын геологиялық-экономикалық қайта бағалау негізінде Қазақстан Республикасының негізгі пайдалы қазбаларының нақты шикізаттық базасын белгілеу; қазақстандық қабылданған нормативтік-құқықтық кесімдер негізінде Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат базасын (МШБ) болжамдау және меңгеру міндеттерін шешу үшін жер қойнауы туралы барлық ақпаратты жинаудың, есепке алудың, жүйелік талдаудың біртұтас компьютерлік технологиясын жүргізу; жерасты сулары мен қауіпті геологиялық процестердің режимі мен балансын зерделеу, жер асты сулары мен жер қойнауының жай-күйін мемлекеттік басқарудың міндеттерін шешу үшін жер асты суларының пайдаланылуы мен есепке алынуын бағалау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансын талдау, пайдалы қазбалардың болжамдық ресурстарын талдау, 2030 жылға дейінгі түпкілікті өнімдерді өндірудің даму болжамы; негізгі тауарлық ағындарды бейнелеумен пайдалы қазбалардың негізгі түрлерінің минералдық-шикізаттық базасының геосаяси жай-күйін талдау: Қазақстан Республикасының минералдық-шикізаттық кешенінің дамуына үрдістер, даму болжамы мен ықпал жасау мүмкіндігі; Қазақстан аумағында лицензиялық және тендерлік объектілер бойынша мониторингтік карталардың редакциясы мен шығаруы; жер қойнауын мемлекеттік сараптау үшін қазіргі әдістемелік-нормативтік құжаттарды құру; жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестердің сандық және сапалық параметрлерін бақылау, жерасты сулары мен жер қойнауы жай-күйінің талдауы мен бағасы, олардың өзгеруін болжау; жерасты сулары мен қауіпті геологиялық процестердің мемлекеттік мониторингінің ақпараттық компьютерлік жүйесін құру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | 014 | | Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану мониторингі | | |
| 2 | | 100 | Минералдық-шикізат базасы және жер қойнауын пайдалану мониторингі | 1. Пайдалы қазбалардың 10 түрі бойынша, оның ішінде 2004 жылы аяқталатын 6 түрі бойынша 2030 жылға дейінгі кезеңге үлгілеумен Қазақстан Республикасының минералдық-шикізаттық базасының мониторингі мен даму болжамы. Пайдалы қазбалардың 3 түрі бойынша болжамдық ресурстарды бағалау, аяқталуы 2004 жыл. 2. Деректер базасы мен лицензиялық және тендерлік объектілер бойынша карталардың мониторингін жүргізу - 8 карта. 3. 2 анықтамалықты және өндіріс салалары бойынша талдамалық шолуларды дайындау, оның ішінде 1 анықтама. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |

лықтың 2004 жылы аяқталуы.
4. Барлау әдістеме. сін және пайдалы қазбалардың қорла. рын есептеудің сараптамалық тәрті. бін реттейтін нормативтік актілерді әзірлеу, оның ішінде 4 әдістеменің 2004 жылы аяқталуы.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
